

ӘОЖ 159.9.018

Э.К. Қалымбетова*, С.М. Баратова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: elmira.kalymbetova@mail.ru

Балалар үйіндегі тастанды балалардың психологиялық ерекшеліктері

Мақалада автор жетім балалардың өмірге өз бетінше қадам жасауы кезеңіндегі әлеуметтенуі мәселесін талдайды. Ол бұл үдерістің қиындығының негізгі себептерін интернаттық мекеменің психологиялық ұжымының азаматтық және адамгершілік ұстанымымен түсіндіреді. Оның осал тұсы тиісті оқу-тәрбиелік бағдарламалардың жоқтығынан және оқыту, тәрбиелеу барысында нақты түзету-дамыту міндеттерінің алдына қоюды қаламауынан көрінеді. Ата-ана тәрбиесіндегі және балалар үйінде тәрбиеленген балаларды салыстыра отыра автор оң және бейәлеуметтік мінез қырларының балалар үйінде тәрбиеленіп өскен балаларда байқалғанын атап өтті. Өзінің өмір сүру құқығын дәлелдеу талпынысында агрессия аталмыш жағдайдың шешімі және жалғыз өмірлік бағдар болып табылады.

Қоғам мен мемлекетте болып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайына мемлекеттік интернаттық мекемелердегі (балалар үйі, жетім балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттар) тәрбиеленушілердің бейімделу мәселелері, олардың қоғаммен ықпалдасуы ерекше өзекті болып отыр.

Аналық және әлеуметтік депривация, маңызды ересектермен қатынастың тапшылығы, қабылдау қатынасының жоқтығы, қызметкерлік жауапкершілікті табыстаудағы жетіспейтін тәрбиелеудің ұжымдық әдістері және басқа да мемлекеттік интернаттық мекемелердегі (балалар үйі, мектеп-интернат) тәрбиелеу ерекшеліктері бұрмалануына, әлеуметтік ортамен жетім-тәрбиеленушілердің өзара әрекеттестігінің бұзылуына алып келеді, оның қорытындысында өз бетіншелік, интернаттан кейінгі өмірге, психологиялық дайындығы әлсіз, қазіргі заманның талаптарына бейімделуінде қиындықтардың болуына алып келеді.

Түйін сөздер: психикалық депривация, жетім балалардың эмоциялық аймағындағы айқын ерекшеліктері, эмоциялық климат, әлеуметтік жетімдік, жетім балалардың дамуы әлеуметтік құбылысы, жабық топтар, идентификация механизмдері, жетім балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы.

E.K. Kalymbetova, S.M. Baratova

Psychological peculiarities of abandoned children of orphan homes

The author analyzes the problem of socialization of orphans during their independent living arrangements while facing the main reasons of difficulties of this process within any social and moral stand which bears the psychological group of foster home entity. The problem is in absence of appropriate educational programs as well as unwillingness to set concise remedial and developing tasks in the course of the study and upbringing. Opposing the personalities of children from secured family and one from orphan home, the author came to a conclusion that the personality of the latter one combines the positive and asocial features. The aggression in attempt to prove his right for living is thought to be as the only way out of a situation as well as the only life orienting point.

Within the situations of serious social and economic changes which take place in society and country, the issue of foster children adaptation, their integration into the society becomes particularly topical.

Mother and social deprivation, lack of communication with the loved adult person, absence of acceptance relations, collective methods of upbringing with the lack of personal responsibility and other peculiarities of raising of children within the state foster home entities (orphan homes, boarding schools) lead to distortion, defection of interactions of orphans with the social environment which results eventually in their weak psychological readiness to independent life, obstacles in adaptation to the modern time requirements.

Key words: mental deprivation, peculiarities of emotional field of orphan children, emotional climate, social orphanage, social situation of orphan children development, closed groups, identification mechanisms, relations with society of orphan children.

Э.К. Қалымбетова, С.М. Баратова

Психологические особенности покинутых детей детских домов

Автор анализирует проблему социализации сирот в период их самостоятельного жизнеустройства, видя основные причины трудностей этого процесса в той гражданской и нравственной позиции, которую занимает психологический коллектив интернатного учреждения. Недостаток видится в отсутствии надлежащих учебно-воспитательных программ, а также нежелании ставить конкретные коррекционно-развивающие задачи в ходе обучения и воспитания. Противопоставляя личность ребенка из благополучной семьи и ребенка из детского дома, автор приходит к выводу, что личность последнего сочетает черты положительные и асоциальные. Именно агрессия в попытке доказать свое право на существование мыслится как единственный выход из положения и единственный жизненный ориентир.

В ситуации серьезных социально-экономических перемен, происходящих в обществе и государстве, проблема адаптации воспитанников государственных интернатных учреждений, их интеграции в общество становится особенно актуальной.

Материнская и социальная депривация, дефицит общения со значимым взрослым, отсутствие отношений принятия, коллективные методы воспитания с недостаточным делегированием персональной ответственности и другие особенности воспитания в государственном интернатном учреждении (детский дом, школа-интернат) приводят к искажению, нарушению взаимодействий воспитанников-сирот с социальной средой, что проявляется, в итоге, в их слабой психологической готовности к самостоятельной, постинтернатной жизни, сложностями адаптации к требованиям современности.

Ключевые слова: психическая депривация, особенности эмоциональной сферы детей сирот, эмоциональный климат, социальное сиротство, социальная ситуация развития детей-сирот, закрытые группы, механизмы идентификации, отношения с окружающими детей сирот.

Осы шақта еліміздегі мемлекеттік ұйымдар және қоғамның әбден қамқөңілділігі толықтай әлеуметтік қауіпті жағдайға жатқызылатын отбасылар мен балалар санының өсуіне, өскелең ұрпақтың психикалық және физикалық денсаулығы нашарлауына, әлеуметтік жетімдіктің артуына, бақылаусыздықтан балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қылмыскерлік пен нашакорлықтың өсуіне алып келуде.

Жетімдік – мемлекет тарапынан өзіне ерекше қатынасты талап етіп, объективті және субъективті күштердің себебінен отбасынан тыс қамқорлықта қалып, қаншалықты балалардың әрдайым белгілі бір категориялары болса да, оның дамуының сапалы және уақыттық кезеңдеріне тәуелсіз кез келген қоғамға тән әлеуметтік құбылыс.

Жетімдік фактор ретінде оны қоршаған әлеуметтік ортасынан, ересектер мен құрдастары әлемінен, көбірек қолайлы жағдайлардан баланың эмоционалдық байланысын шектейді, ол физикалық, әлеуметтік және психикалық мінездің терең екінші реттік бұзылыстарына әкеледі.

«Әлеуметтік жетімдік» себептері әр алуан. «Әлеуметтік жетімдіктің» таралу тәсілінің негізгі себептері некесіз туылған, жанұяның әлеуметтік шырқының бұзылуы, ата-аналардың материалдық және баспаналық қиындықтары,

олардың қатынасының терістігі, ересек адам тұлғасының дегредациясымен байланысты адамгершілік тіреуінің әлсіздігі мен негативті құбылыстар (маскүнемдік, нашакорлық, баланы тәрбиелеудегі парыздардан қатыгездікпен жалтақтау). Мұндай балаларды зорлау, балаларды тыйым салынған еңбекке баулу, есірткі саудасы және жезөкшелікке еліктіру сияқты негативті құбылыстар «әлеуметтік жетімдіктің» таралуына әсерін тигізеді.

Әлеуметтік жетімдер – 0 және 18 жас аралығындағы әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ, рухани-адамгершіліктік себептерінен ата-ана қамқорлығынан айырылған әлеуметтік-демографиялық балалар тобы, яғни бұл балалардың ата-аналары ауыр деңгейдегі аурулардан зардап шеккен, сонымен қатар маскүнемдік, нашакорлық және т.б. психикалық ауыратындықтан өз балаларынан бас тартып, ата-ана құқығынан айырылғандар. Әлеуметтік жетімдік – бұл «ата-ана тұлғасының міндеттерінің орындалуына қатыспауы немесе жойылуы (ата-аналық жүріс-тұрыстың бұрмалануы)». Сонымен қатар «әлеуметтік жетім – бұл қандай да себептермен тәрбиеленумен айналыспайтын және қамқорлық жасамайтын биологиялық ата-анаға ие бала. Бұл балалардың барлығын мемлекеттік интернаттық мекемелер біріктіріп отыр [1].

Мұндай балалар үшін интернаттық мекемелердің тармақтары кең ауқымды. Бұл – бала денсаулығын сақтау жүйесіндегі үй; тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесіндегі интернат үйлері; білім беру жүйесіндегі – балалар үйі, мектеп-интернаттары, отбасылық типтегі үйлер. Балалар үйлерінің негізгі міндеттері: тәрбиелеу және білім алу үшін балаларға жағдай жасау, кәсіп таңдауда көмек көрсету, оларды өз бетінше өмір сүруге және еңбек әрекетіне даярлау. Олар тамақпен, киім-кешек, аяқ киім, орнатылған нормалармен құрал-жабдықтармен, ойыншықтармен, мектепте қажетті бұйымдармен қамтамасыздандырылады.

Тәрбиеленушілер өз-өзіне қызмет жасауға қатысады, шеберлік, тәжірибелік бөлімдерде жұмыс жасайды, әртүрлі үйірмелерде, секцияларға қатысады, сонымен қатар спорттық жарыстарға және шығармашылық байқауларға қатысады. Балалар үйіндегі мектеп жасындағы тәрбиеленушілер жақын маңдағы жалпы білім беретін мектепте білім алуға міндетті.

Тағы бір жетім балаларды тәрбиелеуші орын ретінде-мектеп-интернатты айтамыз. Оларға қабылданатындар: жетім-балалар; соттың шешімі бойынша ата-анасынан алынып қойылған балалар, мүмкіншілігі жоқтығын мойындап ата-аналық құқығынан айырылған, ұзақ уақыттық емдеу мекемелерінде жатқан, сондай-ақ тұрар мекені белгісіз ата-ана балалары.

Мемлекет ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға тұрақты қамқорлық көрсетеді. Орталық атқарушы органдарының өкілдері, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау және еңбек, сонымен қатар жергілікті атқарушы органдары бақытсыздыққа ұшыраған балаларға өмірдің қалыпты жағдайын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Адам дүниеге келіп, өмір сүре бастаған уақытынан бастап басқа да адамдар ортасында болады. Ол өмірінің басынан, алғашқы күндерінен бастап, әлеуметтік ортаға кірісе бастайды. Адам баласының бірінші қарым-қатынасқа түсу тәжірибесі әлі сөйлей білмейтін шағында болады. Басқа адамдармен қарым-қатынасқа түскенде ол белгілі бір әлеуметтік тәжірибе алып, тәжірибенің субъектілі қабылданғанына байланысты оның тұлға ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Балалар мекемеге әртүрлі жағдайлар салдарынан келеді. Өз ата-анасын ешқашан

көрмегендер бар. Бұл жағдайда оларға тек айналасындағы адамдар ғана әсер ете алады: тәрбиешілер, балалар және т.б. Отбасы шеңберінде тәрбиеленген балалар, бірақ ата-анасының көз жұмуына байланысты отбасынан айырылған балаларда отбасына деген мейірім сақталады, отбасы мүшелеріне деген жылулық сезімдер қалыптасқан. Сонымен қоса үшінші жағдай – ата-анасы бар балалар. Бұлар әлеуметтік жетімдер, осы уақытқа дейін отбасынан алшақ өмір сүрсе де олардың өміріне сол жағдай әсер етеді. Балалар мұндай отбасының қиын жағдайларын түсінеді, ахуал мен хал-жағдайдың баланы тәрбиелеу үшін жетерліктей болмайтын жағдайын. Олар ата-анасының барын түсінеді, олардың жүріс-тұрысын ақтауға тырысатындар да болады, оларға жетуге тырысудың қандай да бір жағдайын жасайды, айналадағылардан олар туралы бұрмаланған алғашқы әсердің қалыптастырылуына мүмкіндік берілуін іздейді. Олар өз отбасында болуға тырысады, ол жағдайға қарама-қайшылық пен қиындықтың туындауына қарамастан өз отбасыларынан сөздермен болса да қарым-қатынас жылулығын сезінгісі келеді [2].

Өз отбасында бала ешқандай тәрбиеші, психолог, педагог, жасанды жағдайлар алмастыра алмайтындай қарым-қатынасты сезінетіндей.

Балалық шақ – бұл психологиялық тұрақтылық, құндылық бағдарлар, ептілік пен мақсаткерлік қасиеттермен қамтамасыздандырылатын тұлғаның іргелі сапалары жинақталатын кезең. Тұлғаның рухани бұл қасиеттері іштей дамымайды, ол ата-ана махаббатымен бейнеленген жағдайында, яғни балаға өзге адамдар үшін уайымдау және қуану, өзіне және өзгелер үшін де жауапкершілікті сезіну, үйренуге өзі талпыну, шынайы болуға қажеттіліктің болуы жағдайларын отбасының жасауы арқылы қалыптасады.

Баланың эмоционалдық тарапынан өзінің ыңғайлы сезіну үшін физикалық дені сау, айналасындағылармен қарым-қатынасындағы мінезі, оның жеке жетістікті болуын анықтайтындай әлеуметтік жағдайлар керек. Өкінішке орай, дерлік барлық жетім балаларды тәрбиелеуші мекемелерде, мекен ортасында мұндай жағдайлар толықтай қалыптастырылмаған. Әрине, балалары жақсы қырларынан көзге түсетін, бітірушілері ересек өмірге сәтті түсетін, бейімделетін тәжірибелері

жоғары интернат және балалар үйлерін жоққа шығаруға болмайды [3].

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің көпшілігі жетім балалар емес, оған мынадай факторларды келтіруге болады: әлеуметтік жағдайларының нашар болуы себепті балаларын тастап кетеді немесе ішімдікке салынып, бала жағдайы түгіл өз жағдайларын қиындатады. Ал мұндай ата-ананы заңды түрде баланы асырауға құқық қорғау органдары өз құқықтарынан айырады. Болашақ ана баланы некесіз туған жағдайларда тастандыға айналдырады. Бұл жағдай баладағы соматикалық және психикалық денсаулығы ұрпақтан-ұрпаққа берілгендігін айғақтайды, пренеталды даму кезеңі сәтсіз болғанын көрсетеді, сонымен осындай жағдайда өскен балалар «қауіп тобына» жатқызылады [4].

Бірақ психикалық өзгешелігі, нақтырақ, интернаттық типтегі мекемелердегі балалардың психологиялық дамуы «норма және патология» ерекшеліктері бойынша ажыратылмайды.

Әлемдік жүргізілген зерттеу жұмыстарына сүйенсек, ол мына жағдайды анықтайды: отбасында тәрбиеленбеген балалардың дамуы ерекше жолмен жүреді, оларда мінез қырлары ерекше, жүріс-тұрысы, тұлғасы да, балаларды жаман немесе жақсы деп жиі кесіп айтуға келмейді, басқа балалармен салыстырғанда өзгешелігі бар.

Жабық мекемелерде тәрбиеленуші балалардың сәтсіз психологиялық дамуының себептерін сипаттайтын болсақ:

- ересектердің балалармен қарым-қатынасының ұйымдастырылуының дұрыс болмауы, қарым-қатынас формасының дәрменсіз құрылуы, әсіресе мектепке дейінгі балалар үйінде;

- балаларды тәрбиелеушілер мен қараушылардың ауысу жағдайлары;

- ойынның қалыптасуы жұмысының жетіспеушілігі, әсіресе балалар үйінде;

- балалардың кедейлікті айқын сезгіш тәжірибесінің болуы, қоршаған ортасының кенеттен тарылуынан қысым көруі;

- тәрбиешінің педагогикалық және психологиялық дайындығының жетіспеушілігі, баланың қызығушылықтарына көңіл бөлмеу, балаларға немқұрайлы қатынасы;

- тәрбиешінің баладағы даму дефектілерінің, отбасының орнын толтыруға икемділігінің болмауы;

Өз еңбектерінде Л.М. Шипицына мен Е.И. Казаковалар тастандылықтың қатал салдары

ата-ананың қамқорлығынан қол үзген баланың психикалық және әлеуметтік дамуына, сонымен қоса денсаулығына әсерсіз қалмайтынын көрсетеді. Интернаттық типтес немесе балалар үйінде тәрбиеленушілердің көп бөлігі, яғни 60%-ын орталық жүйке жүйесі зақымдалған, созылмалы аурумен ауыратын, дене мүкісі бар 3-4 топқа жататын балалар құрайтынын көрсетеді. Денелік дамуында кемшілігі бар балалар 55%-ға жуық. 4,7%-ының ғана денсаулығы жақсы деп көрсетуге келеді.

Әлеуметтік жетімдіктің салдары баланың психикалық өміріне салмақты із қалдырады. Ата-ананың қамқорлығынан айырылған және интернаттық жағдайда өскен тәрбиеленушілердің психикалық күш-қуаты азаяды, өзін-өзі реттеуі мен бағыттауы бұрмаланады, көңіл-күйлері жабырқау болады. Мұндай жағдайдағы балалардың көпшілігі болашақ өмірге деген қызығушылығын жоғалтып алады, өз-өзіне сенімділігін жоғалтады, қорқыныш бойын билей бастайды. Эмоционалдық-танымдық әрекеті төмендейді де, интеллектуалдық дамуы тежеледі. Бала ата-анасының қамқорлығынан қаншалықты ертерек айырылса, оның психикалық қана емес, әлеуметтік дамуына да соншалықты кесірін тигізеді, кері кетушілік байқалады. Негізгі көрінетін кемістік интеллектуалдық және тұлғалық дамуындағы бүліну.

Эмоционалдық көңілін білдіре алмай, ортамен қарым-қатынасындағы туындайтын қиындық, серіктес болуға қабілетсіздік, қозғаушы түрткілерден жылдам айырылып қалу, өсе келе эмоциялық дамуда артта қалушылық сияқты, интеллектуалдық дамудың тежелуін айтпағанда, параутизм аясында эмоциялық дамудың кешенді бұзылулары қалыптасады. Бұл бұзылыс салдарынан дені сау баланың өзі айналып өте алмайды. Сол үшін туылғаннан кемтар болып дүниеге келген балаларды тығырыққа тірейді. Жетімхана мекемелеріндегі эмоционалдық өмірдің жетімсіздігі баланың жасы өсе келе әртүрлі психикалық күйзелістер мен әлеуметтік бейімделудің бұзылысын тудырады: біреулерде – бұл үдеріс селкостыққа ұрындыратын белсенділіктің төмендеуі және адамнан гөрі затқа үлкен қызығушылықпен қарауға; енді біреулерде – бейәлеуметтік және қылмыстық әрекетке кетудегі гипербелсенділік; көпшілігінде қоғамда шамданған түр көрсету, ересектердің назарын өзіне аударуға тырысу,

қолынан келмесе де мықты сезімдік жақындық орнатуға тырысу үдерісі байқалады.

Тастанды балалардың спецификалық ерекшеліктерінің қалыптасуында, олардың дамуындағы әлеуметтік жағдайлар маңызды орынды алады, ең алдымен, психикалық депривация. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайының дамуы жайлы айтқанда, зерттеушілер алдымен, балалардың ата-аналарынан айырылуына мән береді, оны аналық және патерналды (әкелік) депривация деп бағалайды (Й. Лангеймер, З. Матейчек, Ж. Боулби, Л.А. Вяткина және т.б.). Депривация дегеніміз ұзақ уақыт көлемінде және маңызды дәрежеде негізгі психикалық қажеттіліктері толық қанағаттанбауы. Бұл жерде сәбиді махаббат пен құштарлық, сөзсіз қабылдауы сияқты негізгі қажеттіліктер туралы қарастырамыз. Й. Лангеймер және З. Матейчек жағдайды былай суреттейді: «сәби, сөзсіз, оның барлық белсенділік түрлері шоғырланатын және қажетті сенімділікті қамтамасыз ететін орталық «объекті» болуды қажетсінеді». Қалыпты жағдайларда бұл, әрине, анасы немесе оның орнындағы басқа тұлға, сәбидің барлық жеке белсенді фокусқа айналатын түрлері тартылады» [5]. Балалар мекемелерінде тәрбиеленушілер тек депривациядан ғана қиналмайды, сонымен қатар басқа да көптеген әлеуметтік байланыстарда да қиналады.

Америкалық зерттеуші Д. Пруг, егер сәбиді қоршаған үлкен кісілер жиі ауысып отырса, ол үзілген эмоционалды байланысты төрт ретке дейін қалпына келтіруге тырысады, ал одан кейінгі жағдайда оған енжар қарайды. Ағылшын зерттеушісі М. Прингл және В. Бейслоу мынадай қорытындыға келді, балалардың ата-аналарынан және үйінен бөлек болуы, көп уақыт бойы балалар мекемесінде өмір сүруі психикалық дамудың бұзылуына әкелуі міндетті емес – барлығы адамдармен қарым-қатынас сапасына байланысты. Зерттеушілер жақсы қамқоршы мекемеден, нашар отбасы жақсы екеніне бір ауыздан келіседі [6].

Сәбиде тұлға бейнесі қалыптасуы, туғаннан анасының депривациясы шартына байланысты. Ж. Боблби оны «эмоциясыз мінез» деп көрсетеді. Бұндай тұлғаның бейнесін жалпылама түрде келесідей сипаттауға болады: интеллектуалды артта қалушылық, басқа адамдармен маңызды қатынасқа түсуі қиын, эмоциялық реакциялардың

әлсіздігі, агрессия, өз-өзіне сенбеушілік. Ж. Боблби бойынша, балалар үйінде тәрбиеленушілер туралы көзқарас айтады. Оларға көп мөлшерде тұлғааралық қатынастар тиесілі, бірақ олар атүсті, эмоциясыз, формальды болады. Егер досы көңілінен шықпаған жағдайда, оны тез арада ауыстыра салуға бейім. Жетім балаға кейін қатынастың үзілгенін уайымдағаннан біреуге байланып қалуды бастан өткізбеу оңай. Көптеген жетім балалардың тұлғалық ерекшеліктері олар тәрбиеленіп отырған мекемеге негізделген және ол жердегі тұлғааралық қатынас жүйесіне байланысты, оның ішінде – тәрбиелеуші үлкендер мен тәрбиеленушілер арасындағы қатынас.

Балалар үйі мен интернаттарды сенімді түрде жабық мекеме деп атауға болады. М.Ю. Кондратьеваның ойынша, бұндай мекемелерге «әлеуметтік ортамен байланысы шектелген шартта жұмыс істейтін шынайы кіші топтар» жатады. «Жабық топтардың» ерекшелігін автор әлеуметтік депривация құбылысымен байланыстырады, яғни индивидтің немесе индивидті топтардың қоғаммен қатынасының бұзылуымен байланысты. Жабық мекемелердің бірнеше типологиялары бар:

Зерттеу мақсатына байланысты жабық топтарды былай ерекшелейді:

- 1) өндірістік бағыттылығы;
- 2) атқарушы-еңбек бағыттылығы;
- 3) білім мен тәрбие бағыттылығы (балалар үйі, интернаттар және т.б.).

Топтың кең әлеуметпен қатынасы депривациялық мінез ұсынады: ол өзі немесе қоғам:

- 1) мәжбүрлі изоляция;
- 2) ықтиярсыз изоляция;
- 3) ерікті изоляция;
- 4) ерікті – Мәжбүр немесе ерікті-мәжбүр ететіні.

М.Ю. Кондратьевтің ойынша, әртүрлі тәрбиелеуші мекемелерде қалыптасқан жабық түрдегі белгілі жастардың қоғамы туралы айтқан дұрыс. Ол жабық жасөспірімдік қоғамның келесі топтарын анықтайды:

1) балалар үйі және ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға арналған интернат-мектептер;

2) арнайы мектептер және қиын тәрбиеленетін балаларға арналған арнайы мектеп;

3) жасы толмаған құқық бұзушылар және тергеу изоляторлар тәрбиелік – еңбек етушілер колониялары;

4) кәсіби -мамандандырылған интернаттар.

Барлық аталған мекемелердің ерекшеліктеріне қарамастан, барлық жабық түрдегі тәрбиелеуші мекемелерді қатты тәртіпті шарттар біріктіреді, сонымен қатар тәрбиеленушілердің кең әлеуметтік ортасынан изоляция, жас өспірімдердің дамуына әлеуметтік жағдаяттың вариативтілігін айтарлықтай төмендетеді, олар үшін тұлғааралық байланыстардың жүйесін біріктіреді және дөрекіленеді [7]. Жасөспірімдік шақ – қарсылықтар кезеңі және тереңдетілген өзін-өзі талдау, бағалау, әлеуметтік және жекелік өзін-өзі анықтауға ұмтылыс кезеңі. Бұл жаста оқу-кәсіби қызығушылықтары негізінде өзінің қабілеттерінің деңгейін бағалау жүреді, талдауға қызығушылығы артады өзінің тұлғалық мінезін жетілдіруге, тұлғааралық өзара әрекеттестікке қызығушылық артады. Ю.М. Орловтың айтуынша, жасөспірімдерде өзін таныту қалауы, қоғамдық және оқулық әрекет нәтижесінде және процесінде өзінің оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар Д.И. Фельдштейннің айтуы бойынша, жасөспірімнің өзін танытуы әлеуметтік полярлы негізде, яғни ерлік көрсетуден құқық бұзушылыққа дейін баруы мүмкін. А.В. Мудриктің айтуы бойынша, жасөспірімдердің қарым-қатынасты қажетсінуі, аффиляция-даму психологиясының негізгі фактісі болып табылады. Осы көрсетілген феномендерден бөлек жасөспірімнің жүріс-тұрысына ұстаз бен қарым-қатынас ерекшелігі, топтағы (сыныптағы) алатын орны, мектептегі және сыныптағы психологиялық атмосфера, оқушылардың оқу процесіне, мектепке, құрдастарына, болашағына және өмірлік мақсатына деген қатынасы. Жабық түрдегі мекемелердің ерекшеліктерін айтқан кезде олардың құрдастары және педагогтарымен қарым-қатынастарын өзара шарттастық және өзара енуі мінездемесіндегі ерекшелігін атап өтуі керек. Интернатта тәрбиеленушілердің педагогтармен қарым-қатынасы ұстаздың көп мөлшерде билікке ие болуымен сипатталады. Сонымен қатар жабықтық деңгейі тәрбиеленушілердің әлеуметтік қоршаған ортадан бөлектенуі ішкі қатаң тәртіптің болуы, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауға деген қатал шектеу ұстаздың жоғары билікке ие болуын анықтайды. Істің негізі бойынша педагог жабық мекеменің тәрбиеленушісі үшін толық құқықты қоғамның өкілі және олардың қазіргі

мен болашақ мүмкіншіліктеріне әсер етуші болып есептеледі. Тыңдау талаптары негізінде тәрбиеленуші үлкендерге сенуі керек, оның дұрыстығына көзі жетуі керек және өзі қабылдайтын шешімді педагогпен бөлісуі қажет. Шынайы өмірде мұндай әрекеттер сирек кездеседі. Оның себебі, жасөспірімдердің өткен өмірімен байланысты, ата-аналарымен және ұстаздарымен, яғни үлкендермен негативті қарым-қатынас тәжірибесі болуында. Бұл келесі қатынастарға да әсер етеді. Тәрбиелеуші мен оқушы арасындағы эмоционалды қарым-қатынастарға келетін болсақ ол да жабық оқу мекемелерінің ерекшеліктерімен байланысты: жақтардың тепе-теңсіздігі, қарым-қатынастағы қатал регломентация, оның формасының ресми жазылуына және мазмұнына байланысты бұл позитивті эмоциялық фонның пайда болуына негіз бола алмайды. Психологияда «өз тәжірибесін жатсыну» феномені белгілі. Ол жетім балаларға тиесілі, балалар үйінде тәрбиеленетін балалардың тәжірибесінің қалыптасуына талдау жасалуы, Е.П. Пашина және А.Х. Рязанованың көзқарастары бойынша берілген шарттарда бала үшін «өмір мәнінің қайнар көзі бола алмайды. Тәрбиелеушілер тек білім беруші, жүріс-тұрыс үлгісін жасаушы, кешіру және жазалаушы ретінде сипатталады, бірақ балалардағы саналы уайымдары мен жеке ұмтылыстарына көңіл бөлмейді. Сол себепті олар берген тәрбие мен білім көп жағдайда тек формальды түрде ғана болып қалады және эмоциялық субъективті қарым-қатынас тудыртады [8]. Интернатта тәрбиеленген сәбидің дамуы ерекшеліктері жайында В.Н. Сорока-Росинский өз еңбектерінде жазды. «Баланың қиын тәрбиеленуі оның тұлғасының моральды деградациясынан емес. Мәселе оның ерекше дарындылығына, оның болмысының әртүрлілігіне және өзін қоғамда көрсете алмауы мүмкіндігін қалыптастыра алмауына байланысты болады. Мұндай балалармен жұмыс жасайтын педагогтар ішкі сенімсіздікті және жақсылық ойламауды жеңіп шығуы тиіс. Ал тәрбиеленушілер жағынан үлкен бақылаушылық және сабырлық, сонымен қатар педагогтардың бойында жақсылық ойлаушылық қадірін сыйлауы қажет. Интернат мектептердегі педагогтардың жоғары кәсібилігі маңызды орынды алады. күнделікті мектептерде бала тек мектепте ғана емес, отбасында да тәрбиеленеді. Ал интернат баланың барлық өміріне әсерін

тигізеді. Сонымен қатар жабық мекемелерде балалар ылғи өз құрдастары арасында, сол баяғы әсер айналасында баяғы ұстаздардың әрекетінде күнделікті болады.

Мұнымен мектеп-интернаттардағы тәрбиелеу потенциалы былай қорытындыланады: сәби қоршаған ортадан алатын әсер етуші мінезді төмендетуге мүмкіндік туады. Дегенмен, мұнда өте үлкен қауіп бар, жабық мекемеде тәрбиеленушінің тәрбие беру жолындағы кез келген қателігі, педагогтың толық емес әсер ете алмауын ешкімде ешқашанда орын толтыра алмайды. Мектеп-интернаттардың маңызды ерекшелігінің бірі балалардың даму процесінің әркелкі болуы. Әлсіз интеллектуалды дамыған, аз көрген, аз білетіндер үшін интернат көп нәрсе береді: олар өздерінен дамыған балалармен қарым-қатынас жасайды және ол жерде ол балаларға керекті кітаптар және т.б. нәрселер бар. Дегенмен күшті, жақсы дамыған тәрбиеленушілер үшін бұл аз болады. Сол үшін интернат сыртына жиі шығып тұруы керек: театр, мұражай және көрмелерге жиі барып тұруы керек. Әртүрлі категориядағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу жөнінде ұжым алдында дифференциаланған амал табуы туралы керектігі жайында сұрақ туындайды. Әр баланың жеке тұлғасын, оның рухани бейнесін терең білу оның қалыпты дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар олардың индивидуалды ерекшеліктерінің максималды түрде дамуына қол жеткізу қажет. Өкінішке орай, көптеген тәрбие берушілер баланың жеке ерекшеліктеріне тек баланың тұлғалық қалыптасуы теріс жолға өткен кезінде ғана байқайды. Дегенмен бүгінгі күні осындай мекемелердің жағдайы бұрынғыдай қиын болып қалуда. Н.Н. Сиресиннің айтуынша, балалар үйіндегі жетіспеушілік, қажеттілік және төмендету, ұқыпсыз ұстаздар сол баяғы қалпында қалуда. Бұл балалар үйінде тәрбиеленушілер өздерін қашқалақ сезінеді. Олар өздерін ешкімнің балалары емес деп санайды. Оларды ойлайтын ешкім жоқ. Ал бұл жағдай оларды ашуландырмауы мүмкін емес... Қашқалақтық сезімі олардың психикасына қысым жасайды және жарымжан етеді, оларды қоршаған ортаға теріс көзқараста болады.

Балалар үйінде тәрбиеленуші балалардың эмоциялық аймағының ерекшеліктері. А.Х. Пашина мен Е.П. Рязанова зерттеулері нәтижесі бойынша жетім балаларға эмоциялық сферасы

апатты біркелкілік сипатқа ие. Олар сәтті отбасында өскен балаларға қарағанда тез танылатын эмоцияларды аз көрсетеді және эмоция бейнесін дұрыс тани алмайды. Тастанды балалар үшін үрей және эмпатияның төмен деңгейі тән. «Әлеуметтік жетімдер» деп аталатын топ ерекше қиындық туындатады, яғни ата-анасы тірі, бірақ өз құқынан айырылған және соның нәтижесінде өз баласымен көп уақытқа дейін қарым-қатынасқа түсе алмайды. Туғаннан анасын көрмеген баламен салыстырғанда анасы болып кейін одан айырылған баланың психикалық дамуы бұзылады. Ол кезде алғашқы орында әртүрлі қорғаныс механизмдері туындайды. Ж. Боблби айтуынша, анасынан айырылған балалар жаңа өмірге бейімделеді, анасын танығысы келмейді, оған негативті қарым-қатынаста болады, ол беріп жіберген ойыншықтарды сындырады және т.б. мұндай невротикалық әсерлер тастанды балалар суреттерінен анық көрінеді. Литва психологы Г.Т. Хоментаускас 7 жастағы отбасында тұрып кейін интернатқа берілген балалардың суреттеріне талдау жасады: біріншіден, бала айырылысу жағдайын басынан өткізе білуі керек. Олардың ойында алданғаны және ешкімге керек емес, ешкім оны жақсы көрмейді және оны бәрі тастап кеткен, ол бұл әлемде өзін жалғыз сезінеді. Бұл кезеңде бала үлкендерге сенбейтінін көрсетеді. «Олардың бәрі сондай, олар кез келген уақытта алдап және сені тастап кетуі мүмкін» деген сияқты ойлар келеді. Балалар ешкіммен ашық сөйлеспейді, өзінің уайымын үлкендермен бірге талдамайды, оларға деген ренішін ішінде сақтайды. Баланың өзін осылай ұстауы әлеуметтік болмысқа көзқарасын өзгертеді. Егер осы уақытта балаға отбасыңды салып бер десе, бейсаналы түрде өзін жаралаған сезінеді. Бала әр түрлі қорғану сұрақтарын қоя бастайды «не үшін? отбасы деген не?» немесе жай ғана «адамдарды сала алмаймын, ешқашан отбасын салған емеспін» деген сияқты қарсылықтарды айтады. Бірақ бала тапсырманы орындауға кіріссе де көп уақыт жан-жағына қарап үндемей отырады, отбасына жақсы эмоциялық қатынасты бала – отбасына қарағанда ол суретінде жансыз заттарға бейнелейді. Балалар үшін отбасы мүшелерін мүлде бейнелемеу жиі кездеседі. Г.Т. Хоментаускас бұған мысал ретінде 7 жасар ұл баланың суретіне талдау жасайды «әр түрлі түспен боялған үй бейнеленген, күннің көзі

бейнеленген». Бұл арқылы ол өзінің отбасына деген қарым-қатынасын білдіреді. Мұндай қарым-қатынас түсінікті айырылысу кезінде пайда болған қайғы алғашқы көзқарас бойынша балалардың суретте өз отбасы адамдарының суретін бейнелемеуі порадоксалды болып көрінеді. Бұл баланың отбасы мүшелерін ұмытқанынан емес, оны ешкім жақсы көрмейді деген комплекстеріне байланысты. Отбасы мүшелері туралы естеліктер негативті эмоциялы уайымдаулармен байланысты [8]. Г.Т. Хоментаскас бұл жағдайдан шығу үшін бала бірнеше мүмкіндіктерді қарастырады. Оның екі жолы бар. Бала отбасынан айырылу себебін өзі жаман болғандықтан жаза ретінде берілген деп ойлайды. Өзін сыйлау жоғалады. Әрқашан да өзін кінәлі санайды. Екіншісі, барлығы үшін отбасы мен ата-анасы кінәлі. Мұндай балада ашу, реніш пен махаббат, баланың отбасына деген субъективті айырылуына алып келеді. Баланың бойында агрессивтілік жоғарылайды. Агрессивтілік – тастанды балалардың негізгі мінезінің бірі. Қоршаған ортадағы адамдарға агрессивтілік пайда болу себебі, жылулықтың аз болуы, нәтижесінде ондай балалар қоршаған ортамен қалыпты түрде қарым-қатынас жасаймайды. Агрессия қоршаған ортадағы адамдардың кез келген әрекетін тастанды балалар үшін конфликт жасау үшін амал-себеп болып табылады. Тұлға аралық қатынастар ұзаққа созылмайды және формальды болады. Көп жағдайда жасөспірім өзінің әпке қарындастары не інілері туралы ешнәрсе айта алмайды, ол оған енжар немесе агрессия көрсетеді [9].

А.Н. Прихожан, Н.Н. Толстой және В.Ц. Мухина еңбектерінде көрсетілгендей, жасөспірім шақтағы балалардың ата-анасымен депревалация шартындағы қарым-қатынасы нәтижесінде балалар үйіндегі немесе интернаттық «Біз» деген бір-біріне деген өзіндік идентификациялық стихиялы қарым-қатынас қалыптасады және ол басқалардан бірігіп ерекшеленеді және сол арқылы бөтен адамдарға деген негативті қарым-қатынасты туындатады. Бұл қарым-қатынас балалар арасындағы псевдотуыстық қатынастың пайда болуына алып келеді [10]. Олар бір-біріне жат болып қалады және өздерінің достарына деген қатынасы қатал болады. Адамдардан психологиялық жатырқау ішкі шартты туындатады, кейін соның негізінде құқық бұзушылықтар пайда болады.

Бұл жатырқауға сақтықпен қарау қосылады және сонымен қатар көп жағдайда және ашық түрде отбасымен бірге өмір сүретін балаларға деген қарым-қатынас қатал болады. «Балалар үйінен» деген ренжітерлік лақап ат ашық қоғам мен балалар арасындағы кесірлі қарым-қатынас жаңа өсіп келе жатқан балалар үйінің жасөспірімдеріне қатты әсерін тигізеді. Бұндай балалар үшін қоғам кері ұғым болып естіледі, ал балалар қоғам үшін қашып құтыла алмайтын жамандық. Ересектермен қарым-қатынасына келесі ерекшеліктер тән: үлкендермен қарым-қатынаста жақсы мотивацияның болуы, оның алдында ересектермен қарым-қатынасының аз болуынан бұл қатынас түрі олар үшін өте құнды [11]. Бұндай қарым-қатынастың болуы оқу ісінің жақсы болуына алып келмейді, керісінше бұл процестің қалыпты жағдайда өтуіне кедергі жасайды. Бала ересек адамға қатты ұнағысы келеді, оның назарын өзіне алғысы келеді. Ересектермен қарым-қатынастағы гипермотивация интернаттық типтегі тәрбиеленушілердегі дефектілерді бақылаушылардан жасырады. Мұндай балалар ұстазының берген кез келген тапсырмасын қуана-қуана алғанымен, егер ұстаз қадағалап отырмаса ол тапсырманы орындай алмайды. Өз бетінше жоспар құрай алмау және қарапайым нәрсені іске асыра алмау интернат, мектепте оқитын балаларға тән [12]. Мұның барлығы ересектермен спецификалық қарым-қатынас түрін туындатады, бұл олардың өз құрдастарымен арасындағы қарым-қатынасқа да әсер етеді. Бұл қарым-қатынастың түрі шектен шыққан қарама-қайшы қатынас болып табылады: бір жағынан, балалар үйінде тәрбиеленушілердің еркіндігі ересектердің шектеуінде болады, олармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, ал басқа жағынан қарасақ, олар ересектермен қарым-қатынасқа түскен кезде өзін ересектер әлеміне қарама-қайшы қойып және агрессивті болады. Олар үшін ересектердің махаббаты мен назарына балалар күндестікпен қарайды. Дәл осы төңіректе ересектермен қақтығыс туындайды. Осыдан келіп мектеп-интернат тәрбиеленушілеріне деген екіжақты ерекше қатынас туындайды [13]. Мектеп-интернаттағы тастанды балалардың әр түрлі қиын ахуалдардағы қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары ерекше жарқын айқындалады: тыйым, ересектердің ескертулері, құрдастардың айыптаулары жағынан. А.М. При-

хожан және Н.Н. Толстой жетім балалардың қарама-қайшы мінез-құлқын түсіндіруде маңызды жайтты ескереді. Жабық мекемелердегі өмірдің ерекшелігін есепке ала отырып, яғни балалардың үнемі тәрбиелеушілермен және құрдастарымен әрқашан да контактіде болуы нәтижелі қарым-қатынастың қалыптасуына әсер етіп, сонымен қоса әріптестік міндеттерін шешу қабілетінің болуына және қақтығыстан шыға алуға деген тәжірибеге алып келуі керек. Бірақ олардың мінез-құлқында агрессивтілікпен қатар айналасындағыларды айыптаушылық, өз қате әрекеттерін мойындай алмаушылық және қаламаушылық, яғни қақтығыстық жағдайда қорғану формасының басыңқы болуы мен қақтығыстық жағдайда өнімді, құрылымды шеше алмаушылық байқалады [14]. Балалар үйінде тәрбиеленушілерді ата-анасын қарамағындағы балалармен салыстырғанда өзіндік реттеу ырықты формада болады, айтатын болсақ, өз бетінше жоспарлау мен өз іс-әрекетін бақылау қасиетіне ие болмайды. Жалпы түрде бұл балалардың дамуының ауытқуы ішкі механизмдерінің нашар дамуы салдарынан болады.

Жалпы түрде жабық мекемелерде тәрбиеленетін балалардың дамуындағы ауытқуларды реактивтілікке өту мүмкіндігін құратын еркін мінез-құлық, жағдайға байланысты белсенді орталаулардың ішкі механизмдерінің дамуға жетпеуінен деп түсіндіреміз. Тастанды балалардың орталау механизмдерінің дамымаушылығы әртүрлі «қорғану білімдерінің» түрінің, яғни шығармашылықпен классификациялық ойлаудың қалыптасуы, мінез-құлықтың ырықтылығымен бірге ішкі бақылауға бағдардың құрылуы, реніш пен аффективті тенденцияны реттеушілік, басқаларға жауапкершіліктің ауыстырылуымен-қиын жағдайды өзінің дұрыстай ала алушылығым қалыптасуымен орны толтырылады. Сонымен, мысалы, балалар үйіндегі тәрбиеленушілерден алға қойған міндетті орындауға инициативтілікпен өз бетіншелікті күту екіталай. Ересек іс-әрекеті тарапынан қадам сайын бақылаудың болмауынан тапсырманы аяқтамай орындалады немесе ат үстіртін орындалады. Ересектің сынына бала агрессивті түрде немесе өте эмоциялы жауап қайтарады. Ересектермен қарым-қатынасқа тырысушылық фонында және сонымен бір уақыттағы ересектерге жоғары тәуелділік салдарынан балалардың ересектерге

қарым-қатынасында агрессивтілікпен өзіне назар аударады. Розенцвейк пікірі бойынша, ересектермен қарым-қатынасында өзіне жауапкершілікті болмайды және «тұтынушы» қатынасымен демонстрацияланады, тіпті, өз айналасындағылардан өз мәселелерін шешуді талап ету мен күту тенденциясында болады, бұл қатынасқа қажеттіліктің фрустрацияланғанын көрсетеді. Агрессивті, дөрекі жауаптармен ересектермен қатынасқа түседі, біздің мәдениетіміздегі қабылданған қатынастағы нормаларға қарсыласады, бұл балалардың ересектермен қарым-қатынасында арақашықтықтың шегінің қалыптаспағандығын көрсетеді. Розенцвейк мынаны белгілейді, баланың мінез-құлқының адекватты формасының құрылуы ата-анасымен идентификациялану процесінде біздің жағдайдағы бұзылған қатынас болып есептелетін қатынасқа түсу қабілетіне ие болады. Балалар үйінде идентификация механизмдерін құру мүмкіндігі өте төмен, барлығы қайталанатын отбасылық идентификация. Ата-анамен идентификацияның орнына мұғалім немесе тәрбиелеушілердің орнын басуы жетерліктей күрделі мәселе және де ол бір шешімін табуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар ересектермен қатынастағы адекватты мәдени дағдыларды қалыптастыру өзара әрекетінде психолог жұмысының міндетінің бірі болып табылады. Бұл жағдайға тосын пікір айтсақ, интернаттағы кіші мектеп жасындағы балалар ұқыптылықтың максималды шегінде болуға, қандай да бір дәрежедегі ересек деңгейінде көрінуге тырысады. Мұны мынамен түсіндіруге болады, отбасында өсетін балалардан ерекшелігі, бала ересектердің дұрыс қатынасына ие болуы үшін тырысады (оның талаптарын орындауы, үлгі етіп көрсететін мінез-құлыққа жақсы бағалармен ие болғысы келуі және т.б.), бірақ баланың ересектермен қатынасының дұрыс болуына қажеттілігі интимді-тұлғалық қатынасқа қажеттіліктің терең фрустрациялануымен соқтығысады, ал бұл ересекпен қатынастың адекватты формасының пайда болмағанынан бұл қатынастың қарама-қарсы бейнесі пайда болуымен қатар аса күрделілікті туындатады. Отбасынан тыс тәрбиеленуші балалардың интеллектуалды және аффективті қажеттілікті аймағының дамуы сияқты оның мінез-құлқында да белгілі спецификалық ерекшеліктер болады, яғни жай психикалық дамудың кешігуі сияқты

интерпретацияламай, мінезінің қалыптасуын сапалы түрде көрсету керек. Бұл специфика ішкі идеалды жоспардың қалыптаспағанынан туындайды, бұлар ойлау, мотивация, сыртқы жағдайларға мінез-құлықтық реакцияларымен байланысты [15].

Құрдастарымен қарым-қатынас. Жабық мекемелердегі балалардың құрдастарымен қатынас спецификасын талдауда мынаны меңзеу маңызды, бала әр уақытта бір тар топпен қатынасқа түседі, ол басқа өзі тәуір көретін топқа түсуіне мүмкіндігі болмайды, өзі қаламайтын топтан шығуына да мүмкіндік болмайды. Белгілі топтың құрамына енгізіліп, онымен қоса ол онда «шартсыз» жағдайда болады. Жабық мекемелерде құрдастарымен контактке түскенде қарым-қатынастың интимді-тұлғалық жағынан жоғары интенсивтілік бақыланады. Мұндай негізде қалу эмпатияның, сезімнің, кешулердің, ептіліктің, ең бастысы өз кешулерін басқа адаммен бөлісу қажеттілігінің жоқ болуына

итермелейді. Джерсидтің пікірі бойынша, отбасы тәрбиесінен тыс өскен балалар олардың эмоциялық жағынан кедей болады, олардың айналасындағыларды сүйюі ол өзі ортасынан қандай көлемде және қандай формада махаббат алғандығымен байланысты [10, с.38].

Ұстаздың мақсаты тек қана бар қиындықпен күресу емес, сонымен оның пайда болуының алдын алу шараларын жүргізу. Сайып келгенде, баланы жеке қасиеттерінің қалыптасуын қадағалайтын саналы және сенімді басшылық үшін терең білім мен индивидуалды ерекшеліктерінің болуы ерекше талап етіледі. Интернат түріндегі мекемелерде тәрбиеленген балалардың дамуы спецификалық ерекшеліктерге ие, бұл балалардың өмірлеріне негізделген шарттарға тиесілі. Баланы жабық мекемеде қоршаған орта түрі мен отбасылық ортадан ерекшеленеді. Балалар үйі мен интернаттарда жүргізілген бірегей педагогтық тәжірибелер «өсу нүктесіне алып келетініне біз сенімдіміз».

Әдебиеттер

1. Лангмейер Й., Матейчек З. Дети без семьи. – М., 1995.
2. Кондратьев М.Ю. Подросток в системе межличностных отношений закрытого воспитательного учреждения. – М., 1994.
3. Березин С.В., Евдокимова Ю.Б. Социальное сиротство: дети и родители. Издательство «Универс-групп», 2003
4. Пашина Е.П., Рязанова А.Х. Особенности эмоциональной сферы у воспитанников и сотрудников детского дома // Психологический журнал. 1993. №1.
5. Психологическое развитие воспитанников детского дома / под ред. Дубровиной И.В., Рузской А.Г. – М., 1990.
6. Психологические исследования познавательных процессов и личности: [сб. ст.]/АН СССР, Ин-т психологии. – М.: Наука. 1983.
7. Фрейд А. // Лишенные родительского попечительства: Хрестоматия / Под ред. Мухиной В.С. – М.: Просвещение, 1991.
8. Хоментаскас Г.Т. Семья глазами ребенка. – М.: «Педагогика», 1989.
9. Корнев Л.В. Особенности самоопределения подростков – учащихся специальных школ закрытого типа // Диссертация к.психол.н. – М., 1999.
10. Психологические исследования познавательных процессов и личности: [сб. ст.]/АН СССР, Ин-т психологии. – М.: Наука, 1983.
11. Бернс Р. Развитие Я – концепции и воспитание. – М.: Прогресс, 1986.
12. Спиваковская А.С. Психологическая помощь семьям, взявшим на воспитание детей из государственных учреждений // Лишенные родительского попечительства: Хрестоматия / Под ред. Мухиной В.С. – М.: Просвещение, 1991.
13. Шадура А.Ф. // Лишенные родительского попечительства: Хрестоматия / Под ред. Мухиной В.С. – М.: Просвещение, 1991.
14. Роль воспитателя в обустройстве школы-интерната “трудными” детьми и подростками / Ю.В.Долгова // Науч. зап. психологов-педагогов г.Твери и обл. – 1998. – № 6.
15. Выговская Л.П. Эмпатические отношения младших школьников, воспитывающихся вне семьи // Психологический журнал. – 1996. – № 5.

References

1. Langmeyer Y., Mateychek Z. Children without families. – M., 1995.
2. Kondratyev M.Yu. The teenager in a closed system of interpersonal relations of educational institutions. – M., 1994.
3. Berezin S.V., Yevdokimova YU.B. Social orphanhood: children and parents. Publishing house «Univers-grupp». 2003.
4. Pashina E.P., Ryazanova A.H. Particularity in the emotional sphere pupils and staff of the orphanage // Psychological Journal. 1993. – №1.
5. Psychological development of the children’s home. Edited by I.V. Dubrinoy, A.G. Ruzskoy. – M., 1990.

6. Psychological studies of cognitive processes and personality [sb. st.] / USSR Academy of Sciences, Institute of Psychology. – М.: Nauka, 1983.
7. Freud A. //Deprived of Parental Care: A Reader. Edited by V.S.Muhina. – М.: Education, 1991.
8. Hometauskas G.T. Family through the eyes of a child. – Moscow: «Pedagogy», 1989.
9. Korneva L.V. Features of people's self-adolescent students of special schools closed.1999.
10. Psychological studies of cognitive processes and personality. USSR Academy of Sciences, Institute of Psychology. – М.: Nauka, 1983.
11. Burns R. The development of self-concept and education. – М.: Progress, 1986.
12. Spivacovskaya A.S. Psychological assistance to families who have taken on the education of children from state institutions// Deprived of Parental Care: Chretomathy. Edited by V.S. Mukhina. – М.: Prosveschenie,1991.
13. A.F. Shadura// Deprived of Parental Care: Chretomathy. Edited by V.S. Mukhina. – М.: Prosveschenie, 1991.
14. The role of the teacher in setting up a boarding school difficult children and adolescents/ YU. Dolgova//1998. – №6.
15. Bygovskaya L.P. Empatic relationship junior high school students outside the family. Psychological Journal. – 1996. – №5

Сведения об авторах:

Калымбетова Эльмира Кенесовна – кандидат психологических наук, доцент кафедры общей и этнической психологии КазНУ им. аль-Фараби

Баратова Салтанат – магистрантка 2 курса кафедры общей и этнической психологии КазНУ им. аль-Фараби